

Ақпарат

12 Қазан 2023ж.

Ы.Алтынсарин,Б.Соқпақбаев шығармаларын оқып,әңгімелеп беру

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасында 2 және 4 сынып оқушыларына қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырғандығы жөнінде балаларға мәлімет беру.Қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту. Ойлау қабілеттерін, көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту. Елжандылыққа тәрбиелеу.

Мектеп меңгерушісі:

Н.Тенелбаева



«Ертегілер еліне саяхат»

«Кітапхана рухани - орда»

Ақпарат

18 Қазан 2023ж.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

Мақсаты: балаларды кітап оқуға тәрбиелеу, ертегі түрлерімен таныстыра отырып, кейіпкерлері арқылы жаман және жақсы қасиеттерді ажырата білуге үйрету, тілазарлық сияқты жаман қылықтардан бойын аулақ ұстауға үйрету.

Көрнекілігі: «Ертегілер еліне саяхат» кітап көрмесі мен ертегі кейіпкерлерінің суреттері.

Балаларға 2 «а» сынып оқушыларына кітапханаға саяхат жасай отырып, ертегілер туралы аздаған мағлұмат беріп, «Бауырсақ ертегісін» оқи отырып, баланың ойлау қабілетін шыңдау мақсатында арасында тапсырма беріп, жұмбақтар жасырылып отырды. Аталған ертегінің жалғасын балалар өздері жалғастырып кетеді.

Сондай-ақ, оқушыларға бірнеше сауалдар қойылып, зеректігі тексерілді.

Кітап көрмесіне қойылған ертегі кітаптармен таныстырылып, оқуға ұсынылды.

Кітапхана меңгерушісі : Н.Теңелбаева.





Ақпарат

7 Қараша 2023ж.

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасында ашық есік күніне орай «Отбасымызбен бірге оқимыз» атты отбасылық оқу өткізілді. Отбасылық оқуға Жақосов М., Жұмақанов Б., Әзбергенов Б. жанұялары қатысты. Шарада балалар мен аталар өздері оқыған кітаптары жайлы ой бөлісті. бекітілген.

Балаларды кітап оқуға тартуға әсер ететін ең маңызды әрі басты институт ол – отбасы. Балалардың кітап оқуға деген көзқарасы, олардың оқырмандық мәдениетінің артуы көп жағдайда ересектерден алған үлгіге байланысты екендігі айтылып, ашық есік күніне орай өткізілген отбасылық оқу өз деңгейінде өтті. Ақпарат әлеуметтік желіге жарияланды.

Ұйымдастырушы : Мектеп кітапханашысы







Ақпарат

5 Декабрь 2023ж

«Даналық бейсенбісі»

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында «Даналық бейсенбісі» әдеби уақыт, кітап оқу марафоны өтті. Оқушылар өздерінің оқыған кітаптарымен таныстырды. Өзіне ұнаған шағын шығармаларымен бөлісті.

Мақсаты: Мектеп оқушыларының оқуға деген құштарлығын арттыру және жылдам, тез оқуға оқушыларды баулу.

Өткізілген марафон мектептің әлеуметтік желісіне салынды.

Кітапхана меңгерушісі:

Н.Тенелбаева



Ақпарат

«Не үшін кітап оқу керек?»

10 Қаңтар 2024ж

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасында 6-сынып оқушыларына терең ойлау үшін кітапты қалай оқу керек, не үшін кітап оқу керек, қандай кітап сыйлау керек, қандай кітап оқуға кеңес бересіз, кітаптың денсаулыққа, әрекет етуге, армандауға әсері жайлы талқыланды. Кітапты оқыған кез келген жастағы оқырманның білім алуға құштарлығы оянады. Кітап дейтін үнсіз данышпанның әлеміне шақыру.

Кітапхана меңгерушісі:

Н.Тенелбаева

К і т а п х а н а л ы қ с а б а қ

К і т а п о қ у д ы н е р е ж е с і .

Әр саналы адам білім мен даналықтың қайнар көзі кітап екендігін біледі. Әрқайсымыздың « оқуым керек » деген кітаптар тізімі бар шығар. Соларды ұзаққа қалдырмай ,кем дегенде бір аптада бір кітапты оқимын десеңіз , кейбір сиқырларды біліп жүріңіз. Оқуға тиіс кітаптар тізімі күн сайын өсуде, алайда оларды оқымауға сылтау ретінде уақыттың аздығы мен шаруаның көптігін айтамыз. Бірақ бір аптада айналдырған бір кітапты оқып бітіру сіздің бос уақытыңыз бен сабақ - жұмысыңызға еш кедергі жасамайды. Бұл мәселеде сіздерге мына кеңестер көмек бола алады.

Ж о с п а р л а ң ы з

Қандай кітаптар оқығыңыз келетіндігі жайлы ойланыңыз. Жоспар құрып , оқимын деген кітаптар тізімін жасаңыз. Қай кітаптарды бірінші кезекте , қайсысы кейін оқығыңыз келетіндігін де ойластырыңыз .

К і т а п т а р д ы м ұ қ и я т т а ң д а ң ы з

Оқитын әдебиетті мұқият таңдау нәтижесінде сіз әдеби талғамыңызды қалыптастыра бастайсыз. Осылайша кітап әлеміне одан бетер қызығып , келесі кітапты екі есе тез оқып шығасыз . Сондықтан бірінші бұрыннан оқығыңыз келіп жүрген кітаптардан бастаңыз. Шын беріліп , қызығып оқылған кітапты қалай бітіргеніңізді байқамай қаласыз . Ал кейін кітап оқу үйреншікті уақыт өткізу , әдет болады.

алатындар саны көңіл көншітпес. Белгіле блогер Guest Nutrition компаниясының негізін салушы Томас Билью оқырмандарына өз кеңестерін ұсынады.

Не үшін кітап оқу керек?

Біз қаншалықты көп оқысақ, ойымызға соншалықты көп идея келеді. Алайда идея керек деген сөз, барлығын жаңартып тастау емес. Кітап оқу арқылы біз кей адамдардың тәжірибесіне сүйене отырып, өмірде кездесетін кез келген жағдайға дайын бола аламыз. Осы мақсатқа сүйене отырып, кітаптағы барлық фактілерді еске сақтап алу міндетті емес екендігін түсіну қажет. Бастысы ондағы айтылар негізгі ой мен түйінді түсіну керек. Ал ол кейін өміріңізде кездескен жағдайда миыңызды «дайындап» тұрады. Бірақ кітапты толықтай оқыған дұрыс, қысқартылған нұсқада дәл сізге қажетті ақпарат қалып кетуі мүмкін.

Жылдамдықты арттырыңыз

Ол үшін мына кеңестерге жүгінгеніңіз абзал:



Жылдам оқудың бірнеше тәсілі бар. Соның бірі әр абзац басын және аяғын оқып, маңызды ақпараттарға (уақыт, атау, сант.б.) мән беріп өту. Осындай жылдамдықпен оқу кезінде, қорытынды бөлімге әсіресе қатты назар аударыңыз. Бұл тәсіл те шұғыл жағдайда оқуға көмектеседі. Дегенмен, кітаптың мазмұнына қарай тәсіл пайдаланғаныңыз жөн. Кей мәтіндер тұтастай оқуды талап етеді.

Аудиокітаптарды тыңдаңыз. Бұл тәсіл есту арқылы ақпаратты жақсы есте сақтайтындар үшін өте пайдалы. Томас Билью: Мен Audible қосымшасын пайдаланамын. Бұл бағдарламаның басқаларынан басты ерекшелігі аудионың жылдамдығын арттыруға немесе азайтуға болады. Мен үшін аудиокітапты әсіресе таңғы уақытта тыңдаған қолайлы. Тыңдау жылдамдығын бірден арттырмаңыз. Себебі сіз кітапты түсінбей, ақпараттар миыңызда шашырап кетуі мүмкін. Барлығы уақыт өте келе қалыптасады. Алдымен жарты сағат, бір сағат, одан кейін екі сағат



«а»
оку
да
о»
ы.





«а»
оку
нда
к»
ы.

Ақпарат

15 Қаңтар 2024ж

«Бір сынып- бір кітап»

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасында 5 «а» сынып оқушыларына Ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау мақсатында «Бір сынып-бір кітап» атты кітап оқу сағаты өтті. М.Әуезовтың «Көксерек» повестін оқып шықты. Оқушылар отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын арттырады. Оқу сағаты туралы толық ақпарат мектебіміздің әлеуметтік желісіне жарияланды.

Кітапхана меңгерушісі:

Н.Тенелбаева





«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2023-2024 оқу жылындағы мектеп кітапханасында өткізілген іс-шараға ақпарат.

Тақырыбы: «Үздік оқырман» сайысы

Сайыс	«Үздік оқырман»
Күні:	8.02.2024 жыл
Кітапханашы :	Тенелбаева Н.
Сынып :	7,8,9,10 сыныптар
Өткізілетін орны:	Мектеп кітапханасы
Сайыстың мақсаты:	Кітап-саркылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы ой салу
Ресімдеу:	Слайд,презентация
Музыкалық және бейне көркемдеу:	Интерактивті тақта, слайд
Үлестірмелі материалдар:	Плакаттар
Дайындыққа арналған әдебиет	Ақын-жазушылардың кітаптары,интернет материалдары
Мәліметтер әлеуметтік желіге жарияланды.	



